

«Сарыжар ЖОББМ» КММ-нің «1001 Ақиқат»

дебат клубының 2023-2024 оқу жылы бойынша

ЕСЕБІ

«1001 Ақиқат» дебат клубы өз жұмысын жоспар бойынша атқарды. Алғашында 17 оқушымен басталған клуб мүшелерінің саны 25-ке жетті. 6-8 сынып оқушылары қосылып, пікірсайысқа деген өздерінің қызығушылығын танытты. Әр ай сайын клуб мүшелерінің отырысы өтті. Сонымен қатар, клубқа жаңадан қосылғандар үшін дәріс сабағы өтті. Дәріс сабағын жетекші Бисеналина Айгерім мен клуб президенті Аралбаева Перизат жүргізді. Аралбаева Перизат клуб президенті ретінде жас пікірсайысшыларға коучинг өткізді. Қараша айында Мәртөк ауданы әкімі кубогында Аралбаева Перизат «Үздік спикер» номинациясын, жетекшілер арасындағы турнирде Бисеналина Айгерім мен Тобыш Назым жүлделі 2-орынды иеленді.



Мектебіміздің түлегі, қазіргі Орал қаласындағы дебат клубының президенті Сәрсенбай Әділет келіп, оқушыларға дәріс сабақ өткізді және оқушылар берілген қарарға пікір таластырды.



Жыл бойы дебат клубының мүшелері облыстық турнирлерге барып, тәжірибе жинақтады. «Абырой КАП», «Ақбөбек КАП» турнирлерінің қатысушысы атанды.



Саржансай орта мектебінің 50 жылдығына орай ұйымдастырылған турнирде 10-сынып оқушылары Жумашев Нұрсұлтан мен Аралбаева Перизат бас жүлдені иеленіп, турнирдің облыстық кезеңіне жолдама алды.



Мамыр айында дебат клубының мектепішілік турнирі өтті. Турнирде Аяпова Аружан мен Есенғали Аянат бас жүлдені иеленді және Амангельдинова Назерке үздік төреші атанды.



Дебат клубының жетекшісі: *А.В.Б.* Бисеналина А.Т.